

Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің мәселелері

Күшіні жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 13 тамыз N 1158.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.02.15. N 232 қаулысымен. ~P010232

"Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 31 наурыздағы N 347 P990347_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны

қорғау министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің құрылымы бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 18 желтоқсандағы N 1785

P971785_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 55, 503-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы 13 тамыздағы

N 1158 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті туралы
Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің құзыреті шегінде жер қойнауын геологиялық зерделеумен, қорғау, пайдалану саласында арнаулы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ жер қойнауын қорғау саласында ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

Комитеттің аймақтық органдары мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы: Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Орталық Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан аумақтық жер қойнауын қорғау және пайдалану басқармалары бар. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.02.15. N 245 қаулысымен. P000245_

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет Мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан кіреді.

Комитеттің, егер заңдарға сәйкес оған уәкілеттік берілсе, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар бұйрықтар шығарады.

5. Комитеттің құрылымы мен шекті штат санын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Комитеттің заңды мекен-жайы:

475000, Көкшетау қаласы, Қ.Сәтбаев көшесі, 1. <*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.25. N 793

қаулысымен. P000793_

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Геология және жер қойнауын қорғау комитеті" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы ереже Комитеттің құрылтайшы құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен оның өз функцияларына жататын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға кіруге тыйым салынады.

Егер Комитетке заң актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне аударылады.

2. Комитеттің функциялары, негізгі міндеттері және құқықтары

10. Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу, қорғау және пайдалану жөніндегі қатынастарды мемлекеттік реттеу;

2) жер қойнауын қорғауды тұрақты жақсартуды және оны теңгерімді пайдалануды қамтамасыз ету;

3) мемлекеттік геологиялық зерделеу, минералдық ресурстарды ұтымды және кешенді және жер қойнауын қорғау бағдарламаларының негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу;

4) атқарушы органдар мен жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын қорғау туралы заңдарды және жер қойнауын пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтауын бақылауды қамтамасыз ету.

11. Комитет заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) жер қойнауын ұтымды пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізеді және мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

2) жер қойнауын пайдаланудың экономикалық тетігін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

2-1) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге жер қойнауын пайдалану құқығын береді. <*>

3) жер қойнауының және жер қойнауын пайдаланудың мониторингін жүзеге

асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

4) жер қойнауы туралы республикалық және аумақтық геологиялық ақпарат қорларының жұмыс істеуін ұйымдастырады және бақылайды;

5) жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы сандық ақпараттың бірыңғай жүйесін тиімді пайдалануды ұйымдастырады;

6) республикалық және аумақтық геологиялық бағдарламалар әзірлеуді ұйымдастырады және орындалу барысын бақылайды;

7) мемлекеттік қажеттіліктер үшін жүргізілетін, оған ғылыми-зерттеу тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарын қоса және геологиялық зерттеулер жүргізуге мемлекеттік тапсырысшы функцияларын жүзеге асырады;

8) жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеу, жер қойнауының мониторингі, жер қойнауын қорғау және басқа мақсаттарды жүзеге асыруға қажет мемлекеттік бюджет қаржысының көлемін негіздейді;

9) геологиялық, геофизикалық, геоэкологиялық, геохимиялық, гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық мазмұндағы мемлекеттік карталарды жасау, шығару жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

10) пайдалы қазбалардың қорларына, пайдалануға берілетін жер қойнауы учаскелері туралы геологиялық және экономикалық ақпаратқа, жер қойнауын геологиялық зерделеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалық-сметалық құжаттамаларға мемлекеттік сараптама ұйымдастырады;

11) пайдалы қазбалар қорларының мемлекеттік балансын, кен орындары мен пайдалы қазбалар көріністерінің, зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмудің және қалдық суларды жер қойнауына ағызудың мемлекеттік кадастрын жасауды және жүргізуді ұйымдастырады,

қорларды мемлекеттік балансқа қоюдың, сондай-ақ оларды есептен шығарудың тәртібін белгілейді;

12) жер қойнаулары туралы геологиялық ақпаратты алудың тәртібі мен шарттарын белгілейді;

13) пайдалы қазбалар кен орындарын ашуға байланысты мәселелерді қарайды;

14) өз қызметінің аясында заңдарды қолданудың практикасын талдайды және қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныс әзірлейді, заң және өзге де нормативтік актілердің жобаларын дайындауға қатысады;

15) халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді, халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын дайындауға қатысады;

16) өзіне заңдарда жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

қаулысымен.

P000245_

12. Комитет негізгі міндеттерін іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру үшін заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша барлық ұйымдардың, лауазымды тұлғалар мен азаматтардың орындауы міндетті нормативті құқықтық актілер қабылдауға;

1-1) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерделеуге жер қойнауын пайдалану құқығы беріледі; <*>

2) жер қойнауын геологиялық зерделеу, пайдалану және қорғау ережелерінің бұзылуын жою жөнінде шаралар қабылдауға;

3) атқарушы органдар мен жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауы туралы заңдар талаптары мен жер қойнауын пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтауына бақылауды жүзеге асыруға;

4) өз құзыретіне жататын әкімшіліктік құқық бұзу істерін қарауға және белгіленген әкімшілік жазаларын қолдануға;

5) мемлекеттік геологиялық сараптама жүргізу үшін сарапшыларды тартуға;

6) жергілікті атқарушы органнан және өзге ұйымдардан, сондай-ақ азаматтардан жер қойнауын пайдалануға қатысты құжаттар, мәліметтер, қажетті материалдар мен ақпараттарды сұратуға және алуға;

7) Қазақстан Республикасы мен басқа да елдердің ұйымдарымен

келіссөздер жүргізуге және келісімдер жасасуға;

8) ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыруға;

8-1) заңда және келісімшартта бекітілген жер қойнауын пайдалану операцияларын жүргізудің шарттарын бұзған жер қойнауын пайдаланушылар әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

<*>

9) заңдарда көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Комитеттің мүлігі

13. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлігі болады.

14. Комитетке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өздігінше иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке заңдарда белгіленген жағдайлар мен шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның оның ұсынуы бойынша Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын екі орынбасары болады.

17. Төраға Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асырылуына тікелей жауап береді.

18. Төраға мына мақсаттарда:

1) өзінің орынбасарларының және Комитеттің құрылымдық бөлімшелері

басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді; №

2) заңдарға сәйкес Комитет қызметіне қызметкерлер тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

4) Комитеттің бұйрығына қол қояды;

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері және оның аймақтық органдары

туралы ережелерді бекітеді;

6) штаттық кестелерді және аймақтық органдарды ұстау сметаларын бекітеді;

7) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитетті білдіреді;

8) заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Жер қойнауын, қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстары пайдалану өзекті мәселелерін қарау мақсатында кеңестік орган ретінде ғылыми-техникалық алқа құрады. Алқа туралы ереже мен оның жеке құрамын Төраға бекітеді.

5. Комитетті қайта құру және тарату

20. Комитетті қайта құру және тарату Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 13 тамыздағы
N 1158 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны
қорғау министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің
Құрылымы

Басшылық

Минералдық-шикізат базасын геологиялық зерделеу және дамыту
мониторингі басқармасы

Жерасты сулары және қауіпті геологиялық процестері мониторингі
басқармасы

Жер қойнауын қорғау басқармасы

Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясы басқармасы

Экономика және нормативтік әдістемемен қамтамасыз ету басқармасы

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК